



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады


Бауырлас елмен байланыс

Қазақстанның Әзербайжандағы елшісі Әлім Байел осы елдің Милли Мәжілісінің төрайымы Сахиба Гафаровамен кездесті. Тараптар қазақ-әзербайжан қатынастарының даму динамикасын жан-жақты талқылады.

Атап айтқанда, сұхбаттасушылар екі бауырлас елдің парламентаралық ынтымақтастығын одан әрі нығайтудың, сондай-ақ ТүркПА сияқты көпжақты алаңдар шеңберіндегі өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап өтті.

Сұхбат барысында Сахиба Гафарова Мемлекет басшылары арасындағы сенімді диалогтің маңыздылығына назар аударып, ең жоғары және жоғары деңгейдегі өзара сапарлар бауырластық қатынастарды одан әрі нығайтуға ықпал ететінін тілге тиек етті.

Парламент төрайымы екіжақты ынтымақтастықты дамытудағы Қазақстан дипломатиясының рөліне де назар аударды. Осы ретте С.Гафарова 2023 жылдың желтоқсанында Әзербайжанда өткен Қазақстанның мәдениет күндерінің жоғары дең-




гейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

Өз кезегінде Әлім Байел Қазақстан мен Әзербайжанның екі ел үшін ғана емес, бүкіл өңір үшін үлкен маңызы бар бірқатар ірі экономикалық жобаны іске асырып жатқанын атап айтты. Сонымен қатар елші 7 ақпанға жоспарланған президенттік сайлау бауырлас Әзербайжанның одан әрі дамуына негіз болады деген үмітін білдірді.

Тараптар парламентаралық ынтымақтастықтың екіжақты қарым-қатынастардың маңызды өлшемі екенін айтып, таяу болашаққа арналған бірқатар нақты іс-шара мен бастаманы талқылады. Сұхбаттасушылар өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты.

Қазақстан дипломаты Әзербайжан Парламенті Халықаралық қатынастар және парламентаралық байланыстар комитетінің төрағасы Самед Сеидовпен де кездесті. Тараптар өзара қызығушылық тудыратын бірқатар мәселе бойынша пікір алмасты.

Мобильді қосымша дерек көзі болмақ



Еуразия ұлттық университетінің IT мамандары қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, тегін цифрлық өнімдер жасап жатыр. «Қызықты ономастика» жаңа мобильді қосымшасы адам есімінің, географиялық нысандардың, жануарлар мен құстардың мағынасы мен шығу тегін білуге мүмкіндік береді.

«ЕҰУ IT мамандары қазақ тілінде «Қызықты ономастика» мобильді қосымшасын әзірледі. Жаңа цифрлық өнім

800-ден астам жеке атауларды біріктіреді. Олар 100-ден астам семантикалық белгілер бойынша топтастырылған және бұл бағдарламаның басты артықшылығына айналды. Мобильді қосымшаны пайдаланушыларға сәбиіне есім таңдауға немесе өз есімінің мағынасын білу мүмкіндігі де ұсынылғаны жазылған ақпаратта.

«Созақ үні»-ақпарат.



Сенат жаңа заңды қарайды

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Онда 25 қаңтар күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібі бекітілді.

Бекітілген күн тәртібіне сай алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қатар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды. Бұл заң инвестициялық қызметті жүзе-

ге асыруға қолайлы жағдай қалыптастыру арқылы тараптардың экономикалық ынтымақтастығын жандандыруға арналған.

Сондай-ақ құжат өтемақы төлеуді, халықаралық арбитражға қол жеткізуді, елдердің шетелдік инвестицияларға әділ және тең қатынасын қамтамасыз ету арқылы мәжбүрлеп иеліктен шығарудан қорғауды қамтамасыз етеді.

Сенат отырысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасының Үкіметі

арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы» заң да қаралады.

Келісімнің негізгі міндеті – инвесторлардың инвестициялық қызметті іске асыруы кезінде олардың құқықтарының кепілдіктерін бекіту арқылы ынтымақтастықтың құқықтық негізін қалыптастыру.

Сонымен қатар Бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

Әлеуметтік төлемнің қанша адамға тағайындалғаны белгілі болды

2023 жылы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еліміздің 1,3 млн азаматы 750,7 млрд теңге сомасына әлеуметтік төлем алды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 70%-ға артқан.

«Еңбекке қабілеттіліктен айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем бюджет қаражаты есебінен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. МӘСҚ-тен төлем медициналық-әлеуметтік сараптамада белгіленген 30%-дан 100%-ға дейінгі дәрежеде және еңбек қызметін жалғастыруына қарамастан жалпы еңбекке қабілеттілігін жоғалту кезеңінде жүзеге асырылады.

2023 жылы аталған төлемді 38,7 млрд теңге сомасына 100 мыңнан астам адам алды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 27%-ға көп. Белгіленген төлемнің ай сайынғы орташа мөлшері 47 445 теңгені құрады.

Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының асырауында болған адамдарға бюджет қаражаты есебінен төленетін асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақысына қосымша тағайындалады. МӘСҚ-тен төлем асырауындағы адамдар 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысанында оқыған жағдайда 23 жасқа дейін төленеді.

Өткен жылы аталған төлем асыраушысынан айырылған 64,3 мың отбасыға 26,8 млрд теңге сомасында берілді, бұл 2022 жылғы сомамен салыстырғанда 26%-ға ар-



тық. Белгіленген төлемнің ай сайынғы орташа мөлшері 51 574 теңгені құрады.

Жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға оның жұмыстан шығарылу себебіне қарамастан тағайындалады. Негізгі шарт – жұмыссыз ретінде тіркелу. Төлем жүйеге қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін жүзеге асырылады. Төлем мөлшері 2023 жылғы 1 қаңтарда 40%-дан 45%-ға дейін ұлғайтылған жұмыссыз ретінде тіркелу алдындағы соңғы 2 жыл ішінде МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табысқа, жүйеге қатысу өтіліне және табысты алмастыру коэффициентіне байланысты болатыны» жазылған ақпаратта.

Былтыр 49,9 млрд теңге төленіп, 224,1 мың адам алған, 2022 жылмен салыстырғанда алушылардың қатары 2 есе артқан.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды облыстық денсаулық сақтау басқармасына қарасты медициналық ұйымдарына 75 дана жедел жәрдем санитарлық автокөлік табыстаған болатын.

Заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған «Hyundai i30» маркалы жедел жәрдем автокөлігінің екеуі ауданымызға жеткізілді.

Бұған қоса аудан басшысының бастамасымен Жуантөбе ауылы тұрғындарының талап-тілектері негізін-



3 МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ АВТОКӨЛІГІ ТАБЫСТАЛДЫ

де облыстық жедел жәрдем станциясы тарапынан ауылдан «103» жедел жәрдем бөлімшесі ашылып, қосымша 1 дана жедел жәрдем автокөлігі табыс етілді. Сондай-ақ аудандық орталық емханаға жасанды дем беретін аппарат пен облыстық денсаулық сақтау басқармасы тарапынан жылжымалы медициналық жиынтығы орналастырылған 65117-1029 маркалы Камаз көлігі жеткізілді.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков заман талаптарына сай жасақталған медициналық көліктерді аудан орталығында қарсы алып, қуанышты жағдаймен бөлісті.

«Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласы мемлекетіміздің басты назарында. Облыс басшысының бастамасымен бұл сала бойынша өңірден жаңа нысандар са-

лынып, дәрігерлердің біліктіліктерін арттыра отырып, жедел жәрдем көліктерімен қамту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Бүгін міне ауданымызға 3 жедел жәрдем және жылжымалы медициналық жиынтығы орналастырылған көліктер мен жасанды дем беретін аппарат жеткізіліп, қуанышты жайытты сіздермен бірге еңсеріп отырмыз. Ауданнан шалғайда орналасқан Жуантөбе ауылы тұрғындарының түйткілді мәселелерінің де түйіні шешіліп отыр. Адам өмірі мен оның денсаулығына бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да еселене түсетін болады,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы сала бойынша алда атқарылар міндеттер мен жоспарларына тоқталып өтті.

Айта кетейік жаңадан тапсырылған «Hyundai i30» мар-

калы санитарлық автокөліктері заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған. Бұл көліктердің біреуі Қыземшек дәрігерлік амбулаториясына, біреуі Жуантөбе ауылына берілсе, енді бірі аудандық орталық емхананың IV ші жеделділік санатында қызмет көрсететін жедел медициналық жәрдем бригадаларына берілді.

Сонымен қатар, жылжымалы медициналық жиынтығы орналастырылған 65117-1029 маркалы Камаз көлігінде диагностикалық рентген аппараты, стоматологиялық қондырғы, медициналық зертхана, ЭКГ сынды адам денсаулығына қажетті қызметтердің бірнеше түрі орналастырылған.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожановқа-130 жыл

Музейдегі келелі кеңес

1925 жылы алаш жұртының шекарасын кеңейтіп, жаңа мемлекеттің қабырғасын қалап, ең биік мінберден «Біз бүгін Қазақ Республикасын құрдық!» - деп, бар

бағытындағы алғашқы іс-шара өтті. «Сұлтанбектің соны соқпағымен» атты дөңгелек үстелге аудан әкімінің орынбасары С.Маманов, аудандық білім бөлімінің бас-

гер М.Қарғабай, мектеп директорларының орынбасарлары қатысты. Дөңгелек үстелді музей басшысы жүргізіп, қайраткердің мерейлі жылын лайықты өткізу



әлемге жар салған біртуар азамат, қазақ тарихындағы ұлы тұлғалардың бірегейі Сұлтанбек Қожанұлының туғанына биыл 130 жыл толады. Сұлтанбек Қожанов ұлт болып ұлықтауға, ғұмыры мен еңбек жолын ел болып еске алуға айрықша лайық тұлға. Жақында С.Қожанов атындағы Созақ аудандық музейінде қайраткердің мерейлі жылын лайықты дәрежеде атап өту

шысы Н.Айдаров, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетов, Қ.Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестігінің төрағасы М.Асқаров, ішкі саясат бөлімінің басшысы Е.Райымқұлов, «Аманат» партисының аудандық филиалының төрағасы Е.Сағындық, «Созақ үні» газетінің редакторы С.Теңізбаев, ауыл әкімі Ә.Елібаев, еңбек ардагері П.Сақтапбергенұлы, қалам-

жөнінде ұсыныстарын ортаға салды. Қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, пікірлерін білдірді. Аудан әкімінің орынбасары С.Маманов жыл бойына осы бағытта жүргізілетін жұмыстар жөнінде әңгімелеп, қатысушылардың ой-пікірлерін тындап, жылды өз деңгейінде өткізуге атсалысуға шақырды.

Г.ӨМІРБЕК.

ТАҒАЙЫНДАУ!

Созақ ауданы әкімінің Әкімімен Мыңжасаров Бекзат Бақытжанұлы Созақ ауданы әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков, аудан әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің басшысы Бекзат Мыңжасаровтың қызметіне табыс тіледі.

Бекзат Бақытжанұлы 1993 жылы 8 маусымда ОҚО, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары. Шымкент университетін 2014 жылы «қар-



жыгер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2011 жылы Шолаққорған ауыл әкімшілігінде нұсқаушысы болып бастаған. 2012-2013 жылдары аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде статист, 2013-2014 жылдары Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратына әскери есеп столы жөніндегі бас маманы, 2014-2018 жылдары аудан әкімдігінің экономика және қаржы бөлімінің бас маманы, 2018- 2022 жылдары аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас маманы, 2023 жылдың қаңтар айынан қазіргі күнге дейін Созақ ауданы әкімінің көмекшісі болып қызмет атқарған.

ЖАҢА ЖОБАНЫҢ БҮГІНГІ ҚАРҚЫНЫ



«Ашық әкімдіктегі ашық кітапхана» жобасы іске қосылып, өз жұмысын жалғастырып келе жатқанына бүгінде бес айдың көлемі болды.

Осы жоба аясында «Белсенді ұзақ өмір және Тең қоғам» әлеуметтік орталығының ғимаратында қарқынды жұмыс жасап жатқан кітапханашы Айман Ерубайқызы

оқырмандардың кітап оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттырып жүр.

Аталған жоба бүгінде «Жаңа кітаптар шеруі», «Мерзімді басылымдар сөйлейді» атты ақпарат сағаттарын өткізіп, оқырмандардың көңілін рухани әлемге бұрып, тұрақты оқырман қалыптастырып отыр.

ТҮРКІСТАННЫҢ ТАҢДАУЛЫ ТУЫНДЫСЫ

Қазақстан жазушылар одағының Түркістан облыстық филиалы «Фараб» кітапханасымен бірлесе отырып 2021 жылы «Түркістанның таңдаулы туындысы» облыстық акциясын бастаған болатын. Акцияның мақсаты Түркістан өңірінің талантты тұлғаларының шығармашылығын насихаттау, қалың оқырманға дәріптеу.

Қазақстан жазушылар одағы Түркістан облыстық филиалының ұсынысымен акцияның 2024 жылғы кейіпкерлері ретінде Ордабасы ауданының тумасы, Ақын, аудармашы, журналист, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының лауреаты Нармахан Бегалыұлының рухани қндылықтары дәріптелуде осы мақсатта «Жаз-жалбыз» кітабынан оқырмандар өлеңдерімен сусындауда.



«Созақ үні»-ақпарат.

